**«Қошақан»ересек тобының тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Бекітемін Аманшеева А.Ж** **Тәрбиеші Спан.Г.Т**

**Білім беру ұйымы: М.Жұмабаев атындағы ЖББОМ Жауқазын шағын орталық**

**Топ** «Қошақан» ересек тобы

**Балалардың жасы** 4-5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** 16-20 қаңтар 2023 жыл

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу.<br>**Суреттермен жұмыс «Жануарлар»**<br>Мақсаты: жануарларды танып, атауын айтып, жабайы және үй жануарларын ажырату. | Әнұран айту.<br>Еліміздің рәміздері жайлы әңгіме жүргізу.<br>Көк байрақтың кескінін жапсыру.<br>**Қимылды ойын: «Асық»**<br>Мақсаты: Ұлттық ойын түрлерімен таныстыру.<br>**Дене шынықтыру** | Балаларды жақсы көңіл -күймен қарсы алу.<br>**Танымдық ойын: «Мынау қай пішін?»**<br>Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу.<br>**Математика негіздері** | **Дидактикалық ойын: «Өз туыңды тап»**<br>Мақсаты: Мемлекеттік рәміздерді тануға үйрету.<br>**Сөйлеуді дамыту** | **Дидактикалық ойын: «Оюды құрастыр»**<br>Мақсаты: балалардың зейінділік пен байқағыштығын дамыту.<br>**Құрастыру** |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата –анамен әңгімелесу. Ата –аналармен қарым –қатынас мәдениетін | **Ата-аналармен әңгіме**:<br>Ата- аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. | **Ата-аналармен әңгіме**: Ата-аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)** | **«Апта күндері»**<br>Мақсаты: Балаларға апта күндерімен таныстыру. Суреттегі заттарды санауға, оларды сызып қосуға үйрету. Логикалық ойларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ойшылдыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Математика негіздері**<br>**«Ауыр жеңіл»**<br>Мақсаты: Балаларға пішіндердің басқа заттармен ұқсастығы жайында түсінік беру.<br>**Математика негіздері** | **«Біреу-көп»**<br>Мақсаты: Балаларға «біреу, көп» мағынасын түсіндіру. Тапсырмаларды орындау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Математика негіздері**<br><br>**«Тостаған»**<br>Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, заттың пішіндері туралы білімдерін жетілдіру, қылқаламды пайдалана отырып затты безендіруді үйрету.<br>**Сурет салу** | **Үстел-үсті ойыны:** «Түсін тап»<br>**Мақсаты:** түстерді сәйкестіндіру<br><br>Есімін атағанда жауап беруге, өзін айнадан және фотосуреттер-ден тануға дағдыландыру;<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Өз үйін тап» ойыны**<br>Мақсаты: үлкен – кіші ұғымдары туралы түсінік беру.<br>**Математика негіздері** | **«Тұрмыстық техника, оның қажеттілігі»**<br>Мақсаты: Тұрмыстық техника жайында мағлұмат беру. Адамгершілікке, елін сүйюге тәрбиелеу.<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**«Нан қайдан келеді?»**<br>Мақсаты: Нанның адам еңбегімен келетінін,оған көп күш жұмсалатынын түсіндіру.<br>**Қоршаған ортамен таныстыру** | **«Түлкі»**<br>Мақсаты: Балаларға ермексазды пайдаланып отырып түлкінімүсіндеп үйрету.Ертегімен таныстыру. Сопақша пішінге келтіріп, бұрыштарын қырлауды ермексаздан мүсіндеуге үйрету.<br>**Мүсіндеу**<br>**«Ажарлы қыс» ертегі**<br>Мақсаты: Тақырыпты суретпен жұмыс жасай отырып түсіндіру. Суреттер бойынша әңгімелеу.<br>**Сөйлеуді дамыту** |
| **Ұйымдастырылған іс әрекетке дайындық** | Балалар әсерімен бөлісу,жаңалықтарды білу,бірлескен жоспарды мәселелерді талқылау қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралыкелісу т.б үшін жиналады.Балалар педагогкеортаны ұйымдастыруға көмектеаседі | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**Тепе-теңдікті сақтау**:Гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру, қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу.<br>**Математика** 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» | **Қазақ тілі**<br>**Сөздік қор.**<br>Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Көркем әдебиет**<br>Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.<br>**Математика** Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды | **Дене шынықтыру**<br>**Жүгіру:** орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру.<br>**Еңбектеу, өрмелеу:** етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу, құрсаудан еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру<br>**Математика** Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты | **Музыка**<br>Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану<br>**Математика Шама.**<br>Заттар шамасы бойынша | **Дене шынықтыру**<br>**Секіру:** 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып қысқа секіргішпен секіру.<br>**Көркем әдебиет**<br>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.<br>**Математика** Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру.<br>**Қоршаған орта**<br>**Өсімдіктер әлемі** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.<br>**Қоршаған орта**<br>**Өлі табиғат құбылыстары мен заттары**<br>**Сурет салу**<br>Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту<br>**Мүсіндеу**.<br>Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету.<br>Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>**Жапсыру** | үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру.<br>**Қоршаған орта**<br>Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран) кеңейту.<br>**Сурет салу** Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).<br>**Мүсіндеу** Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>**Жапсыру**<br>Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша | қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.<br>**Қоршаған орта** Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну.<br>**Сурет салу**<br>Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан | әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру<br>**Қоршаған орта** Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау.<br>**Сурет салуСурет салу** Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту | **Сурет салу Сурет салу** Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).<br>**Мүсіндеу** Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>**Жапсыру**<br>Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру<br>**Құрастыру**<br>Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру **Құрастыру** Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру | арақатынасын ескеру **Құрастыру** Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру | төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. **Мүсіндеу** Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. **Жапсыру** Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, | **Мүсіндеу**. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. **Жапсыру** Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру **Құрастыру** Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | кебежемен, коржынмен таныстыру. **Құрастыру** Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Дидактикалық ойын: «Төлін тап»** Мақсаты: балалардың зейінділік пен байқағыштығын дамыту, жануарлардың төлдерін ажыратуға үйрету. | **Көркем әдебиет** **«Менің ойыншықтарым» М.Әлімбаев** Өлең жолдарын түсіне отырып, жаттау қабілеттерін жетілдіру. Ойыншықтарды атай отырып сипаттауға, сурет бойынша 2-3 сөзден тұратын қысқа әңгіме құрастыра білуге үйрету. | **Саусақ жаттығуы: «Қоянның құлағы»** Ұзын құлақ сұр қоян, Естіп қалып сыбдырды Ойлы-қырлы жерлермен Ытқып-ытқып жүгірді. **Мақсаты:** Ұсақ қол моторикасын дамыту. | **Саусақ жаттығуы: «Қоңырау»** Сыңғырлайды қоңырау, Сыңғыр-сыңғыр етеді. **Мақсаты:** Ұсақ қол моторикасын дамыту. | . |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау. Балаларды | Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру. | Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру. Еңбек құралдары ойыншықтарын далаға алып шығуға дайындап қою. | Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау. | Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру. Еңбек құралдары ойыншықтарын далаға алып шығуға дайындап қою. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | реттілікпен киінуге дағдыландыру. | | | | |
| **Серуен** | № 44 | № 45 | № 46 | № 47 | № 48 |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімін ретімен шешу, дербес және ойын әрекеті | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | Түрлі балалар әрекетінде (ойын, қимылдық, танымдық, шығармашылық, зерттеу ,эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету ) іске асырылады | | | | |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. | | | | |